



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

сабақтастығы – рухани мұра сабақатастығында, ұлттық тарихи сана жалғастығында. Ұлттық болмысымызды сақтау ісін – ата-баба аманаты деп білуіміз керек, яғни ұлттық дәстүрімізге, тілге, дінге берік болу. Ата-баба мұрасын сақтау дегеніміз – ең алдымен қасиетті қазақтың жерін ең үлкен құнды мұра деп білу! Ұлттық намысты қолдан бермеу дегеніміз – елдігімізден айырылмау! Ал, адамзаттың даму ырғағынан, ел қатарлы дамудан қалып қоймау дегеніміз – әлемнің дамыған, озық отыз ел қатарында болу. Өйткені, өткен ғасыр басында да қазақ халқы ұлт саны жағынан әлемдегі отыз халықтың бірі болған еді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288б.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. - 2017. – 12 сәуір.
3. Алпысбес М.А. Алаш идеясының «Туған жер», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларында жалғасын табуы және тарих сабақтастығы.

ӘӨЖ: 94 (574)

### **ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИДЕЯНЫҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ**

**Жанабай Элвира Жанабайқызы**

e.zhanabaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, 1 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі-Н.Е.Сайлаубаева

Еуразиялық идея философиялық-саяси қозғалыс ретінде 1920-1930-жылдары орыс эмигранттары арасында қалыптаса бастады. Еуразияшылдық идеяның тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. **Біріншісі** – Қазан төңкерісіне дейінгі кезең. **Екіншісі** – Қазан төңкерісінен кейінгі Ресей эмигранттары мұрындық болған кезең. **Үшіншісі** – екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең. Бұл үш кезеңнің өн бойында еуразияшылдық идеяның дем берушілері – тарихшылар Г.В. Вернадский, Л.П. Карсавин, Л.Н. Гумилев, құдайшыл Г.Ф. Флоренский, географ П.Н. Савицкий, шығыстанушы В.П. Никитин, этнограф Н.С. Трубецкой сияқты көрнекті тұлғалар болды. Еуразияшылдық идеяның **бірінші кезеңінде** Батыс пен Шығыстың, яғни роман-германдар мен азиялықтардың ортасындағы Ресейдің айырықша рөлі қозғалды. болу Еуразияшылдық идеяның **екінші кезеңінде** сол алғашқы ой-тұжырымдар жаңаша серпінмен одан әрі жалғасты. **Үшінші кезеңде** еуразияшыл идеологтар тарихи жағдайлармен бетпе-бет келді. Қазірде орын алып отырған әлемдік бәсекелестікте Еуразия халықтары өздерін тағдырластар ретінде біліп, әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени одақтастықты еуразияшылдықтың өзекті постулатына айналдыра бастады. Әсіресе, КСРО ыдырағаннан кейін еуразияшылдық идеяның бұл сияқты жаңа бағытына тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей ұйытқы болғанын атап өткен жөн. Бұл мәселеде Л.Н.Гумилев тарихи қисындарды көлденең тарту арқылы көзге түсті. Ол Еуразия ойкуменін тарихи тағдыры біртұтас, әлемнің алтыдан бір бөлігі ретінде қарастырды. Бұл ретте, Лев Николаевич Ресей тарихындағы Ұлы Дала рөлін мүлде жаңаша парықтады. Атап айтқанда, орыс тарихында бел алып жататын «татар-моңғол езгісі» деген идеядан бірінші болып бас тартты. Ол үшін Ресей деген Моңғол ұлысынан кейінгі біртұтас Еуразия империясының православтық вариациясы еді. Мұндай идея өзінен-өзі Ресейдің тарих сахнасына шығуындағы Еуразия көшпелілерінің рөлі деген екінші идеяны дүниеге келтірді. Міне, еуразияшылдық мәселесінде Лев Николаевич осындай идея арқылы өзін ұшқыр, ойлы ғалым ретінде әйгілей алды. Ол бұрынғы саяси-идеологиялық еуразияшылдықты дәлелді тұжырымдамасы бар ғылымға айналдыра білді. Әрине, осындай ой-идеяларына қатысты болар, қазақстандықтар Лев Николаевич Гумилевті

айырықша құрмет тұтады. Еуразиялық идеяны философиялық-тарихи тұрғыдан қарастырсақ, мәселенің екі тұсымен таныс боламыз. Біріншісі, орыстарды ерекше этнографиялық әлемге жатқызып, Ресейді Еуропаға да, Азияға да қарасты емес, қос құрлықтың ортасында орналасқан әлем деп танитын көзқарас. Екінші көзқарас – еуразиялық кеңістікте ғасырлар бойғы өзгерістерде көшпенді түркілердің рөлі көбірек болды деген позицияны ұстанады.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына бес жылдан асса да, антигермандық көңіл күй толығымен жойыла қоймаған кез. Еуразияшылдар «жаппай еуропаландыру сұмдығымен» күресуге шақырып, «еуропалық бұғаудан босауды» талап етті. «Біз роман-германдық әлемі мен мәдениеті біздің ең үлкен жауымыз деген оймен келісу керекпіз», – деп жазды 1920 жылы Софияда жарияланған «Еуропа және Адамзат» атты кітабында сол кездегі еуразиялық идея идеологтерінің бірі Н.Трубецкой. Байқап қарасаңыз, Н.Трубецкой заманындағы еуразиялық идея бірігу емес, керісінше, алшақтау, оқшаулану принциптеріне сүйенген сияқты. Қазіргі заманғы еуразиялық идея интеграцияға сүйенеді. Еуразиялық идея өткен ғасырдың 20-жылдарында орыс интеллигенциясы өкілдерінің арасында пайда бола бастағанымен (яғни еуразиялық кеңістіктегі орыс этносының тарихи басымдықтарына сүйенгенімен), XX ғасырдың соңында жандана бастаған неоеуразиялық идея үстемдікті толығымен түркілерге береді. Еуразиялық идеяның түп қазығы түркілерден бастау алған. Осы жерде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жаңадан ұсынған көзқарастары ерекше орын алады. Осы тұрғыдан Елбасымызды қазіргі заманғы еуразиялық идеяның арқауы, еуразиялық кеңістіктегі негізгі интеграторлардың бірі десек болады.

Еуразиялық идеяның қазіргі бағыттары бұрынғы КСРО республикаларының экономикалық байланысын жанартуға шақыратын идеяларды қолдайтындығы баршамызаға аян. Осы идеяларды көптеген жылдар бойы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қолдап келеді. Саяси интеграцияға бағытталған Мәскеу қысымын азайтуға септігін тигізетін қандай да болсын формуланы табу мақсатымен Нұрсұлтан Назарбаев Еуразиялық одақ концепциясын ұсынған болатын. Ақтуалды саяси шынайылықта Назарбаев оны посткеңестік мемлекеттер, ТМД интеграциясымен байланыстырады. Бұл – қимыл-қозғалыстағы еуразиялық, «үлкен кеңістік» үшін нағыз платформаны қалыптастыру. Назарбаевтың интеграциясы тек сөздер мен ұрандармен шектеліп қоймайды, ол нақты қадамдарда көрініс табу керек. Осы жолда маңызды атқарылған шаралардың бірі Кедендік одақ, Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзӘК), Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымын құру, Белоруссия, Ресей және Қазақстан арасында Кедендік одақ пен Ортақ экономикалық кеңістік туралы шартқа қол қою болды. Назарбаев концепциясы бойынша Еуразия – географиялық тұрғыда Кеңес Одағы шекараларымен барабар шекарамен анықталатын біртұтас экономикалық, саяси және мәдени өлшем.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қаленова Т.С.Еуразияшылдық: теория және практика.Оқу құралы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.- Астана:Фолиант, 2012.-232 б.
2. Н.А. Назарбаев и еуразийство: Сборник избранных выступлений, интервью и статей Главы государство/ Под. общ.ред. Е.Б.Сыдыкова.-Астана:Фолиант, 2012.-424 с.-Серия «Вопросы еуразийство».
3. <https://articlekz.com/kk/article/15507>  
[http://referatikz.ru/load/aza\\_sha\\_referattar/eurazijashyldy\\_teorija\\_zh\\_ne\\_praktika/1920\\_1930\\_zh\\_zh\\_eurazijashyldy\\_idejasyny\\_damuy/20-1-0-592](http://referatikz.ru/load/aza_sha_referattar/eurazijashyldy_teorija_zh_ne_praktika/1920_1930_zh_zh_eurazijashyldy_idejasyny_damuy/20-1-0-592)